



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ШЕТЕЛ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫН ОҚЫТУДАҒЫ КӨРНЕКІЛІКТЕРДІҢ КЕШЕНДІ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Рысқұлбек Айнұр Дәулетқызы

ainur_ryskulbek@mail.ru

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студентті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.М. Гауриева

Қазіргі кездегі шетел тілінің грамматикасын оқытудағы өзекті мәселелердің бірі болып грамматикалық материалдарды ұсыну және грамматикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Бұл мәселенің шешімі ретінде шетел тілі сабақтарында көрнекіліктерді кешенді қолдануды ұсынамыз.

Грамматиканы көрнекілеу отандық және шетелдік әдістерде қолданылуы ерте кезден келе жатқан дәстүр. Көбінесе осы әдісте схемалық кескіндер, абстрактылы суреттер, таңбалар қолданылған еді бірақ, соңғы уақытта әдеттегі суреттер және олардың комбинациясы көптеп пайдалана бастады. Құрылымдық элементтерді белгілеу үшін түстер, қаріп, жиектемелер және т.б қолданылады. Бұл оптикалық күшейткіштердің арқасында белгілі бір заңдылықтарына назар аударылатыны (мысалы пассивті түсіндіретін суреттерде, сызықпен белгіленетін бастауыштардан) көрінеді.

Алайда компьютер мен мультимедиялық проекторлардың пайда болуымен көрнекілік түсінігі жаңа деңгейге көтерілді. Заманауи компьютерлік технологиялар көрнекіліктерді презентация түрінде көрсетуге мүмкіндік берді. Презентациялар дыбыс, видео және анимацияны біріктіреді, бұл спикердің баяндамасының сапасын жоғарылатады. Жаңа ақпараттық технологияларды оқу үрдісіне енгізу оқытушының шетел тілін оқытуда кәсіби құзыреттілігін арттырып, ағылшын тілін оқуының тиімділігін арттырады.

Мультимедиялық презентация- ақпаратты ұсынудың ең заманауи тәсілдерінің бірі болып табылады. Оқу үрдісінде мультимедиялық презентацияларды жасау үшін Power Point, Prezi бағдарламалары қолданылады. Компьютермен жұмыс жасау барысында оқушылардың дыбыстық және визуалды каналдарының қабылдауы жақсарады, соның нәтижесінде олардың қабылданған информациясының көлемі ғана емес сондай ақ нақты және ұзақ меңгерілуіне әсер етеді.

Бұл мақалада біз мультимедиялық презентациялардың заманауи көрнекті құрал ретінде грамматикалық түсініктерді енгізу үшін француз әдіскері Р. Мишеаның құрылымдық әдісін қолданамыз. Осы әдіс құрылымға негізделген және Р. Мишеа оны пішін, сызба ұғымдарымен яғни, ағылшын сөзі *Pattern*- мен синонимдес деп есептейд синонимдес деп есептейді.

Ол сондай ақ грамматикалық құрылымды сөздерді нақты грамматикалық ережеге сәйкес қосудың тәсілі ретінде анықтайды. Р. Мишеа білім алуды және ағылшын тілінде сын есімдердің салыстырмалы дәрежесін қолданылуын мысалға келтіреді.

Студенттердің *сын esim + er+ than* абстрактілі сызбасын есте сақтауы үшін ең тиімді жолдарының бірі ол сызбаға сәйкес келетін бір қатар сөз тіркестерін қолдану. Сонымен қатар *er* қосымшасы мен *than* сөздерін қалың қаріппен белгілеп, студенттердің назарын осы сөздерге аударту керек. Симметриялық элементтердегі параллелизм көзге түсуі үшін оларды бірінің астына бірін тізбектеп, бір қатарға жазу керек:

The sun is brighter *than* the moon.

His bicycle is bigger *than* mine.

March is longer *than* February.

Егер де бұл тізбек жиі қайталанған болса, берілген грамматикалық сызба есте сақтау тілдік дағдыны қалыптастырады. Өйткені бұл кезден бастап керекті грамматикалық формула көрсетілген визуалдық сызбамен ассоциацияланады. Біртіндеп осы грамматикалық құрылым

оқушылардың есінде автоматты түрде сақталып қалады.

Грамматиканы тек ойша қабылдаудан нақты дыбыс әлеміне немесе визуалдық көрсетілімге ауыстыру үшін құлақпен және көзбен қабылданатын симметриялық қатарлардың санын көбейту керек.

Ұсынылған жұмыстың жаңа грамматикалық құрылымы мен құрылымдық әдіс алгоритмі осындай болмақ: жаңадан алынған грамматикалық форманы немесе оқытылып жатқан құрылымды түрлі сөз қоры бар бірақ құрылымы бір кестеге немесе сөз тіркестер тізбегіне қосылуы керек. Бұл сөздердің айтылуы мен айтылу жылдамдығында жоғары дәрежеге жеткенге дейін қайталап отыру қажет. Сөздері өзгеретін, бірақ қызыметі бір болып келетін грамматикалық құрылымдарды жаттығып қайталау нәтижесінде студенттер аудармалар жасауда тікелей сөзбе сөз аудармай, берілген құрылым бойынша бірден дұрыс, қатесіз аударып әдеттенеді.

Әр түрлі көрнекіліктердің кешенді қолданылуының мүмкіндіктерін қарастырайық: *Passive Voice* деп аталатын грамматикалық тақырыпты үйрену үшін қолдану. Бұл грамматикалық тақырыпты таңдаудың себебі оның құрылымының белгілі бір күрделілігі мен формасының елеулі сәйкестіксіздігі және оның қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолданылу көлемі- жаңа грамматикалық материалды түсіндіру уақытында оның грамматикалық болмысының мәнінің түсіндірілуімен қатар оның қолдану жиілігін ескеру қажет.

I- кезең- бұл грамматикалық құрылымдарды ситуативті көрнекілік мәнінде көрсету яғни, оқушылар берілген грамматиканың сөйлеу барысындағы қызыметін анық көре алатын болуы қажет. Осы кезеңді жүзеге асыру үшін проекциялық көрнекілік ретінде Power Point презентациясы қолданылады.

Оқушыларға бірнеше суреттер көрсетіледі: бірінші суретте асүй бейнеленген. Екінші суретте түрлі қоқыс, қабырғалардағы дақтар көрсетілсе, үшінші суретте шаңсорғышпен кілем тазалап жатқан бала мен қолында шүберегі бар қыз бейнеленген.

Бұл суреттермен жұмыс істеудің қағидасы мынандай: мұғалім бірінші суретті және оған сәйкес мәтінді көрсетеді. Мәтіннің мазмұны: *«In the evening Mother returns home as usually at 6 o'clock and sees that there is nobody at home, but there is evidence that someone was in the flat earlier in the afternoon. The rooms are cleaned. The floor is swept. All the flowers are watered and the dog is fed. All the linen is cleaned and ironed and the dishes are washed up. She thinks who could have done all this?»*

Мәтін аударылып, *Passive Voice* қолданылуы түсіндіріледі. Контраст үшін келесі суреттерді көрсетеді, бұл суретте бір отбасының бөлмені жинап жатқаны бейнеленіп, сондай ақ суретке сәйкес беріледі: *«Still Mother knows that her younger daughter usually cleans the rooms, washes up and waters flowers. Her son sweeps the floor, feeds the dog and her husband does the ironing. Isn't she a happy woman?»* Тағы да студенттердің активті және пассивті құрылымдарының айырмашылықтарына назарлары аудартылады.

Содан кейін студенттерге өз бетімен *Passive Voice* ережесіне сәйкес формаларды қалыптастыруға мүмкіндік беріледі. I- кезеңде студенттер мәтінді оқып және таныс емес ұғымдардың астын сызып қояды. II- кезеңде олар асты сызылған құрылымдарды топтастырады. III- кезеңде студенттер топтастырылған құрылымдарды талдайды, заңдылықтарын анықтайды, ережені қалыптастырып оны сызба түрінде жазады.

Оқытушы Р. Мишеаның құрылымдық тәсілін қолдана отырып оқушылардың дұрыс жауаптарын бөлек слайдқа шығарады.

Екінші кезең

The rooms **are cleaned**. *They are cleaned*.

The flowers **are watered**. *They are watered*.

The dishes **are washed up**. *They are washed up*.

1 2

The dog **is fed**. *She is fed*.

The linen **is cleaned**. *It is cleaned*.

The floor **is** swept. *It is* swept.

Үшінші кезең

I am V3

He

She is V3

It

We

You are V3

They

Содан соң мұғалім презентацияның келесі слайдын қолданып бір қатар жаттығуларды орындауды сұрайды.

The rooms clean .

The flower **are** water .

The dish washed up.

She fed.

 is clean .

It swe .

Келесі кезеңде коммуникативті тапсырманы өзгертіп, осы оқиға өткен аптада болғандай етіп келесі мәтінде көрсетеміз:

The rooms were not cleaned. The floor was not swept. All the flowers were not watered and the dog was fed. All the walls were stained and the rubbish was thrown over the floor.

The rooms were not cleaned.

The flowers were not watered.

The dishes were not washed up.

The walls WERE stained.

The dog was not fed.

The linen was not cleaned.

The floor was not swept.

The rubbish WAS thrown.

Бұл арқылы біз пассивтің өткен шақ формасымен (болымды, болымсыз) таныстырамыз. Сондай ақ осы оқиғаны келер шақта баяндап ананың балаларының болашақта салақ болуын қарастырады. Келесі кезең Passive Voice басқа да формуласын Simple шағына жататын топтарда қалыптастырылады.

I am V3

He


She is V3 to be V3,

It

We

You are V3

They



To be етістігі осы шақта am, is, are ал өткен шақта was, were және келер шақта will беболып түрлене алады.

Бөлек сызбамен түрлі грамматикалық шақтардағы сұраулы сөйлемдердің құрылымдарының өзара байланысы дәлелденеді:

Is the dog fed?

Was the dog fed?

Will the dog *be* fed?

Оқушылардың назарын мағыналық етістікке be етістігінің қосылуына аудартады. Тапсырмалар: топтық жұмыс немесе сұрақ жауап жұмыстары.

Бұл кезеңде презентация арқылы сөйлемдегі сөздердің реті мен сөйлем мүшелерінің қызметін қарастырамыз. Сөйлемдерді құрау берілген сызбаға сүйеніп жасалады.

am

is V3

+ _____ are _____.

am

is not V3

– _____ are _____.

am

? is

are _____ V3 _____.

Мәтіндермен жұмыс істеудің соңғы кезеңі- студенттердің суреттерге сүйенбей ақ мәтіндерді аударуы.

Осылайша, грамматика оқыту барысында әдетте қолданылуда көрнекілік элементтері ретінде абстракттық, сызбалық суреттер, белгілер, қарапайым суреттер және олардың түрлі комбинациялары. Құрылымдық элементтерді анық көрсету үшін түс, қаріп, көрсеткілер және анимациялық графика қолданылады.

Визуализация көрнекіліктің барлық түрлері мен жанрларын қамтуы тиіс, атап айтқанда: көрнекі, есту, дәм сезу, сенсорлық; пәндік: объективті, логикалық және аналогтық кескіндер. Оларды пайдалану әдістемелік жағынан тиімді болуы тиіс. Кез келген көрсетіліп тұрған элемент бірнеше функцияларды орындауы керек, алайда олардың біреуі қалғандарынан әрдайым басым болып келеді.

Бізбен сипатталған әдіс кешеніне құрылымдық яғни, компьютерлік технологиялармен Power Point, Prezi презентациялары кіреді. Біздің ойымызша Power Point немесе басқа да компьютерлік технологияларды ағылшын тілін оқыту үрдісіне енгізу кейбір материалдарды түсіндірудің және осы ақпараттың ағылшын тілінде қабылдануының ең тиімді жолдарының бірі. Соның нәтижесінде оқушылар түрлі технологиялық жабдықтарды қолдана отырып, болашақта өздеріне керекті көпдеген дағдыларды қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Беляева Л. А., Иванова Н. В. Презентация PowerPoint и ее возможности при обучении иностранным языкам // Иностран. Языки в школе. – 2008. – № 4. – 36-40 б.
2. Бузина Д.И. PowerPoint на занятиях английского языка: быть или не быть? Полилог культур: один мир – многообразие языков: Сб. науч. тр. / Под ред. Т. В. Шульдешова; Яросл. гос. ун-т. – Ярославль: Изд-во ЯрГУ, 2009. – 196- 200 б.
3. Бутко Г. В. Наглядные пособия на уроках английского языка // ИЯШ. – 1998. - №2. 51-52 б.
4. Мишеа Р. Структуры // Методика преподавания иностранных языков за рубежом / Под ред. Н. Беляевой. – М.: Прогресс, 1967. – 269-276 б.

УДК 378.147:811.111

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА SILENTWAY ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Смайл Назерке Тойбекқызы

nazek-st@mail.ru

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студенті,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.А.Қожахметова

Қазіргі сабақ оқушының жас ерекшелігі мен қызығушылығын ескере отырып, мұғалім мен оқушы өзара іс-әрекет нәтижесінен қанағаттану сезімін ала алатындай етіп құрылуы тиіс. Сондай-ақ, қазіргі сабақ – шетелдік педагогикалық технологияларды қазақстандық технологиямен ұштастырған заман ағымына сай болуы керек.